

ӘӨЖ

С. Назарова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
E-mail: sako-okas@mail.ru

«Раритет» баспасынан «Алтын қор» сериясымен шығатын басылымдар ерекшелігі

Автор мақалада «Раритет» баспасының өнімдерін типологиялық, жанрлық, мазмұндық тұрғыдан талдап, сараптама жасайды. Баспа өнімдерінің шығу тарихына, ерекшелігіне тоқталып, ғылыми тұрғыдан баға береді. Кітап тарату мәселесі, оқырман сұранысы, баспадағы маркетингтік шаралар жөнінде де ғылыми тұжырымдар жасайды.

Түйін сөздер: «Раритет» баспасы, типология, Алтын қор.

S. Nazarova

Peculiarities of «Altyn kor» periodical publishings issued by «Raritet» publishing house

An author does examination in the article products of quinsy of rarity typology, genre, discussing maintenance approach. Stopping the products of quinsy, pasturing scientific approach gives to history, feature of exit. A question, query of reader of distribution of book, does scientific concluded and on marking on a quinsy direction of measures.

Keywords: publishing house «Rarity», typology, three-copeck Piece.

С.Назарова

Особенности серийных изданий «Алтын қор», выпускаемых издательством «Раритет»

Автор проводит экспертизу серийных изданий, исследует типологический и жанровый подход. В статье также исследуются запросы читателей, проблемы распространения книг, делаются научные заключения в плане дальнейших мер по книгораспространению.

Ключевые слова: издательство «Раритет», типология, Алтын қор.

«Раритет» баспа компаниясы 1999 жылы отау көтерді. Ол жоғарғы оқу орындарына, колледждер мен мектептерге арналған оқу құралдарын, қаржы және құқық мәселелері бойынша нормативтік, құқықтық һәм бұқаралық басылымдар шығарады. Сондай-ақ шағын компанияларға қызмет көрсетеді. Онда брошюралар, бланкілер, визиткалар дайындау қызметі жүзеге асырылады.

Тен Зинаида Яковлевна бұл баспаның жекешелендірілуіне байланысты З.Я.Тен әріптестерімен бірге жекеменшік «Раритет» баспа компаниясын құрылуына өзі мұрындық болған-тын. Қазіргі таңда ол осы баспаның президенті болып қызмет атқаруда. 2000 жылы аталмыш баспадан белгілі жазушы Немат Келімбетовтың «Қазақ прозасы кітапханасынан» сериясы бойынша

«Раритет» баспасынан шыққан «Үміт үзгім келмейді», Зейнолла Серікқалиевтің мемлекеттік сыйлық алған «Алтын жамбы» деп аталатын сын кітабы және «Тәуелсіздік шежіресі» айдарымен «Қазіргі Қазақстан тарихы» жоғары оқу орындарының тарихшы емес мамандықтарына (бакалавриат) арналған беттік оқулық жарық көрді. Авторлары Б.Ғ.Аяған, Х.М.Әбжанов, Д.А.Махат. Бұл еңбек «Тәуелсіздіктің тарихи – өркениеттік негіздері» және «Тәуелсіз Қазақстан» деп аталатын екі көлемді бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде «Ежелгі және орта ғасырлардағы Қазақстан (ХҮ ғасырдың басына дейін)», «Қазақ хандығы: орта ғасырлардан жаңа заманға дейін (ХҮ-ХҮШ ғ. басы)», «Отарлық және Кеңестік Қазақстан (ХVIII-XX ғғ.)»

тақырыптары, екінші бөлімінде «Тәуелсіздік қарсаңында», «Тәуелсіздік және Қазақстан мемлекеттілігінің қалыптасуы», «Нарыққа өту және экономиканың Қазақстандық үлгісі», «Тәуелсіздіктің әлеуметтік-мәдени негізі», «Қазақстан және қазіргі әлем» «Н.Назарбаев Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті» тақырыптары мейлінше толық қамтылған. Бұл оқулықтың ерекшелігі – хронологиялық дәуірлеуі өзгеше; соған сәйкес тақырыптардың берілуі үйлесімін тапқан; екіншіден тәуелсіздік тарихына кеңірек тоқталған; үшіншіден тәуелсіздік жылдары жарияланған құжаттар мен материалдар бірізділеніп, айналымға түскен. Қоғамның сұранысына сәйкес дайындалған салмағы бар бұл оқулықта Тәуелсіздік шежіресі жүйелі мазмұндалған.

Баспаның басты бағдары мыналар:

Көркем әдебиет – қазақ тілінде «Алтын қор», орыс тілінде «Раритетная коллекция» сериялары бойынша ұсынылып келеді.

Баспаның бас редакторы болып, белгілі сыншы, әдебиеттанушы, өмірден 2004 жылы мезгілсіз өткен Зейнолла Серікқалиұлы және редакция меңгерушісі, белгілі ақын-баспагер Есенбай Дүйсенбайұлы 2000 жылы 100 томдық «Алтын қор» кітапханасын жабдықтау жобасын жасады.

Әдеби көркем мұраларымыздың XV ғасырдан бастап, бүгінгі күнге дейінгі ең үздік таңдаулы шығармаларын қамтитын «Алтын қор» оқырман қауымды отандық классиктерінің озық туындыларымен таныстырды. Ол кітаптар «Жыр жауһары» және «Қазақ прозасы қазынасынан» серияларына жүйеленген [1].

Баспа компаниясы қазақ әдебиетінің інжу-маржандары кітапханасының 31 томын жарыққа шығарды. Бұлар Дулат Бабатайұлы, Шортанбай Қанайұлы, Жүсіпбек Аймауытов, Мұхтар Әуезов, Тахауи Ахтанов, Сырбай Мауленов, Тәкен Әлімқұлов, Сайын Мұратбеков, Әкім Тарази, Мұхтар Мағауин, Әбіш Кекілбаев секілді кеңінен әйгілі қаламгерлердің кемел туындылары болып табылады.

«Раритетная коллекция» сериясы қазіргі қазақстандық жазушылар шығармаларын ұсынады. Мұның ішінде детективтер, фантастикалық туындылар, шытырман оқиғаға құрылған романдар, табиғат және хайуанаттар дүниесі туралы әдебиеттер, т.б. бар.

Жоғары оқу орындарына арналған оқулық әдебиеттер – гуманитарлық, әлеуметтік һәм

экономикалық пәндер бойынша оқулықтардың жаңаша үлгісі: мәдениеттану, философия, логика, іскерлік қарым-қатынастар мәдениеті, социология экономика, менеджмент, қазақ тілі, т.б., – ҚР Білім және ғылым министрлігінің ұсынылуымен шығарылатын кітаптардан түзіледі. Олардың авторлары белгілі ғылыми тұлғалар: әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің, Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінің, Алматы технологиялық университетінің, Қазақстан менеджмент, экономика және болжамдау институтының, т.б. жетекші профессорлары мен оқытушылары. Көпшілігі баспа құрылған алғашқы күннен бастап, республикада үлкен сұранысқа ие өз кітаптарын әлденеше рет бастырып, күні бүгінге дейін компанияға қолғабыс көрсетіп жүр. Ал «Жоғары оқу орындарына арналған оқулықтар» сериясының кітаптары Республикалық және Халықаралық кітап жәрмеңкелері мен конкурстарының әртүрлі номинациялары бойынша жеңімпаз атанды.

2001 жылы Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 10 жылдығына орай өткізілген кітап көрмесінде «Мәдениеттану» және «Культурология» оқулықтары «Онжылдықтың таңдаулы кітаптары» деп танылып, «Раритет» БК ҚР Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрілігінің дипломын алды, аталған оқулықтардың авторы Т. Ғабитов ҚР Жоғары оқу орындары Ассоциация тарапынан «Таңдаулы автор» деп танылып, А. Байтұрсынов медалімен марапатталды (2003). Автор Құлсариева «Таңдаулы ғылыми еңбектері үшін» жас ғалымдарға берілетін М. О. Әуезов атындағы ғылыми сыйлықтың иегері болды.

Ал Б. Иришевтің «Франция: вхождение в XXI век. Опыт, стратегия и тактика экономической политики в эпоху глобализации» кітабы «Ұлы Жібек жолымен» атты II Халықаралық кітап және полиграфия жәрмеңкесінде (2003) «Оқулық және ғылыми әдебиет» номинациясында жеңімпаздың дипломымен марапатталды.

Тұтас алғанда, «Раритет» компаниясының оқулықтарын ҚР ЖОО Ассоциациясы «Жаңа оқулықтар легі» деп бағалап отыр.

Компаниямыздың және бір маңызды жобасы – «Біз қазақша сөйлейміз» сериясымен мемлекеттік тілде оқу-әдістемелік әдебиеттер шығару. Осы бағдарлама шеңберінде жалпы білім беретін мектептердің бастауыш сыныптары үшін екі оқу-әдістемелік кешені – Г. Досмағамбетованың «Менің қазақ тілім», А. Құдайбергенованың

«Қазақ тілі» кітаптары шықты. Бұл екі кешен бойынша республикамыздың көптеген мектептері төрт жылдан бері балдырғандарға қазақ тілін үйретумен айналысып келеді.

Сондай-ақ, компания мектептен тыс оқу үшін балаларға арналған әдебиетті де шығарды. Бұлар, негізінен, әр алуан халықтардың ертегілері, мөлтек әңгімелер, сөзжұмбақтар, шетел классиктерінің белгілі шығармаларының аудармалары, олардың мәтіндері бейімделген, сілтемелермен және тапсырмалармен түсіндірілген.

ҚР Қаржы министрлігі жанынан құрылған «Қаржы-Қаражат» баспасының (1999 жылға дейін өмір сүрді) «Нормативные акты по финансам, налогам, бухгалтерскому учету, страхованию» атты іскерлік дүниесіне жақсы таныс журналына биыл 10 жыл толды. 1999 жылдан бастап бұл журналдың заңды иесі «Раритет» БК болды. Мұны «Раритет» баспа компаниясының еншілес кәсіпорны ретінде құрылған «Қаржы-Қаражат» баспасы 2001 жылдан бері шығарып келеді.

Компанияда жоғары білікті, баспа ісінде жұмыс тәжірибесі мол кадрлар еңбек етеді. Нақ солардың еселі еңбегі, тәжірибесі мен кәсіби шеберлігі арқасында «Раритет» ХККЖ-нің (Москва), Франкфурт және Лейпциг кітап көрмелерінің (Германия), сондай-ақ Қазақстанда өткізілген барлық көрмелер мен жәрмеңкелердің тұрақты қатысушысы болып табылады.

Балаларды Халықаралық қорғау күніне арналып, балалар үйлері тәрбиеленушілерінің «Бөбек шақырады» II Республикалық балалар шығармашылығы фестивалін ұйымдастыруға және өткізуге көрсеткен көмегі мен қолдауы үшін «Раритет» баспа компаниясы Алматы қаласы әкімдігінің алғысын алды.

«Раритет» баспа компаниясы шығарған кітап өнімдері республикалық БАҚ-тарда («Егемен Қазақстан», «Қазақ әдебиеті», «Алтын Орда», «Ново поколение», «Мегаполис», «Панорама», «Книголюб» газеттері, сондай-ақ салалық журналдар мен электронды БАҚ-тар) әлденеше рет жазылды, оқырман қауым тарапынан жақсы бағаланды [2].

«Раритет» баспасының қоғам өмірінде алар рөлі өте зор. Жыл өткен сайын оның құрылымдық негізі дамып, қанатын биікке сермеп келеді. Алайда баспадан шыққан басылымдардың оқырман қолына оңайлықпен тимей отырғанын айта кеткен абзал. Яғни кітап саудасы алдыңғы шептегі мәселелердің бірі де болса бірегейі болып отыр.

Кітап саудасының өркендеуіне жеке дара сауда жүйесінің жетілмеуі кедергі келтіруде. Сауда алаңы үшін бәсекелестіктің өсуі, оларды жалға алу бағасын арттырып жіберді, кітап саудасы бизнесі бұл бәсекелестікте, табыстары жоғары басқа бизнес өкілдерінен ұтылып қалады. Кітап дүкендерін ашу қаржылық жағынан қауіпті тәуекелдікті талап етеді. Республикадағы 307 көтерме сауда кітап дүкені және 167 жеке дара сауда кітап дүкендері нарыққа шығарылған барлық баспа әдебиеттерін сатуға жеткіліксіз. Ең ірі деген кітап дүкендерінің сауда алаңдары шектеулі (орташа 70 шаршы метр).

Баспалардан шығатын кітаптар атауларының үздіксіз өсуі – үздіксіз кітап саудасын тығырыққа тірейді, артық өндіріс дағдарысы туындап, таралымды сату мерзімі ұзара түседі. Бұған қарсы жауап ретінде жеке дара кітап саудасын желілік құрылымдар арқылы саудалауды ұйымдастыру керек шығар. Бұл үдеріс басталып та кетті, бірақ өте кеш басталды.

Қазақстанның баспа нарығы сыртқа тәуелді. Баспаханаларға қажетті барлық техника алыс шет елдерден сатылып алынады. Қағаз Ресейден жеткізіледі. Тасымалдау шығынының үлкен болуына байланысты, біздің елімізде басылатын кітаптардың өзіндік құны жоғары болып отыр. Бұл кітап тиражын да шектеуге әкеледі.

Дара кітап саудасының алыс аймақтарға таралуына республикадағы жол қатынастарының нашарлығы кедергі келтіруде. Халықтың кітапқа деген сұранысы жоғары болып саналатын жалғыз қала – болып отыр. Халықтың сатып алу мүмкіндігіне қарай оған Астана жақын келеді, ал халық саны жағынан Қарағанды мен Шымкент қаласы жақын. Бірақ бұл қалалардағы халықтың табыс деңгейі төмен, оның үстінде, оңтүстіктің халқы ежелден базарда сауда жасауға бейімделген. Кеңес Одағы құлағаннан кейін Қазақстандағы кітап баспасы ұзақ уақыт тоқырауда болды. Қазіргі кезде бұл саланың жұмысы біртіндеп жақсара бастады. 2006 жылы республикадағы мерзімді басылымдар нарығындағы айналым 8 миллиард 300 миллион теңгені құрады. Мұның 80 пайызы газеттер мен журналдарға келеді. Кітаптарды жеке дара тарату 30 пайызға жетпейді. Міне, сондықтан да кітап саудасы нарығының шиеленіскен осындай тұстарын шешуе атсалысуымыз қажет. Сонда ғана өркениетті елдердің алдыңғы қатарынан орын аларымыз хақ. Себебі, оған жету жолындағы рухани асыл қазынамыздың атқарар рөлі өте зор. Сондықтан

да біз әрбір баспа саласындағы болсын, мейлі жанашыр оқырман болсын осы мәселеден аттап өтпеуге мейлінше тырысу керек. Тіпті оны азаматтық борышым деп санайтын болсақ, кітап саудасы нарығы әлдеқашан қарыштап алға баса-

ры сөзсіз еді. Мемлекетіміз кітап саласына барынша қолдау жасап отырғаны белгілі. Жұмыла кіріскен жүк жеңіл демекші, бұл мәселеге бәріміз болып атсалысқанымыз абзал.

Әдебиеттер

- 1 «Қазақстанның баспагерлері мен полиграфистері» энциклопедиясы. – Алматы: «Білім» баспасы, 2012. – 589-590 б.б.
- 2 Немат Келімбетов. Қазақ прозасы кітапханасынан. – Алматы: «Раритет» баспасы, 2000. – 198-199 бб.

References

- 1 «Kazakstannyn baspagerleri men poligrafisteri» enciklopediyasy. – «Bilim baspasy», 2012 jyl, 589-590 b.b.
2. Nemat Kelimbeov «Kazak prozasy kitaphanasyнан». «Raritet» baspasy, 2000 jyl, 198-199 b.b.